

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 1201 конференц-зал, 12-ші қабат мекен-жайы бойынша 2016 жылғы 13 сәуірде 10 сағат 30 минутта өткізілді.

Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор Киінова Жанна Ләззатқызы Жиналыстың ашылғаны туралы жариялады және Қоғамның есеп комиссиясының төрағасы Райымбек Ерден Ғалымұлына сөз берді.

Есеп комиссиясының төрағасы «Бағалы қағаздардың бірінғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2016 жылдың 14 наурыздағы жағдай бойынша Қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны 74 357 042 дананы, олардан басымдықты акциялар – 4 136 107 дананы, қарапайым акциялар – 70 220 935 дананы құрайтындығын мәлімдеді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 1 бабының 8) тармақшасына сәйкес Қоғам сатып алған акциялар, номиналдық ұстаудағы және ол туралы мәлімет орталық депозитарийдің есебі жүйесінде жоқ меншік иесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың санына кірмейді. Меншік иелеріне тиесілі, Орталық депозитарийдің есеп жүйесінде олар туралы мәлімет жоқ қарапайым акциялардың саны 22 567 дананы құрайды.

Жиналыста ірі акционер «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) өкілетті өкілі мен қарапайым акциялардың номиналды ұстаушысының өкілі қатысып отырғандығы тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 45 бабының 1-тармағының негізінде, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтке оған қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар, жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша мәселені қарауға және шешім қабылдауға құқы бар.

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары Теберіков Дамир Данилбекұлы (2016 жылғы 12 ақпандағы № 110-36 сенімхат бойынша);

2. Deutsche Bank Trust Company Americas («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның депозитарлық банкі) қарапайым акциялардың номиналды ұстаушысы, 12 951 824 қарапайым акциялардың иелерінің өкілі ретінде Аманжолова Айжан Айтбайқызы (2016 жылғы 6 сәуірдегі н-з сенімхат бойынша);

Жиыны: Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 82,8 %-на («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ, Deutsche Bank Trust Company Americas) ие, Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар акционерлердің екі өкілі қатысып отыр.

Акционерлер жиналысының кворумы бар.

Ж.Л. Киінова Қоғам Жиналысының төрағасы етіп «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары Теберіков Дамир Данилбекұлын сайлауды ұсынды. Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналысының төрағасы болып ҚМГ ҰК-ның өндіріс жөніндегі департамент директорының орынбасары Теберіков Дамир Данилбекұлы сайлансын.

Ж.Л. Киінова Қоғам Жарғысының 10.39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Жиналысының хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осыған байланысты, Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлын Қоғам Жиналысының хатшысы етіп сайлау ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 006 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлы Қоғам Жиналысының хатшысы болып сайлансын.

Одан кейін, Жиналыс төрағасы Д.Д. Теберіков Қоғам Жиналысында дауыс берудің тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 50 бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс: 1) Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша ең көп деген дауыстарды шектеу; 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әр тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыстан беру жағдайларын есептегенде «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша іске асырылады. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсілмен белгілеу ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 50 бабының 1-тармағына сәйкес, Қоғамның Жиналысындағы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нысаны ашық тәсілмен белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Д. Теберіков Жиналыстың регламентін белгілеу мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді. А.Н. Жексенбиев күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін уақыт беруді ұсынды.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс Жиналыста түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Д. Теберіков күн тәртібінің мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді.

А.Н. Жексенбиев 2016 жылғы 23 ақпанда Қоғамның Директорлар кеңесі Жиналыс шақыру туралы шешім қабылдағанын хабарлады. Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарлама 2016 жылдың 26 ақпанында «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды. Күн тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныс түскен жоқ.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

- 1) Директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;
- 2) Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін белгілеу;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығындарының өтемақыларын төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу туралы.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 43 бабының 1-тармағына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі белгілейді және онда талқылауға шығарылатын нақты қойылған мәселелердің толық тізбесі болуы қажет. Қоғамның акционерлері жалпы жиналыс өткізу күніне дейін 15 күннен кешіктірілместен немесе осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен ондай толықтырулар туралы хабардар етілуі шартымен ірі акционер немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар енгізе алады.

Ірі акционерден және директорлар кеңесінен күн тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныс түскен жоқ.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс Жиналыста түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 56 038 830 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 56 038 830 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

- 1) Директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;
- 2) Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін белгілеу;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығындарының өтемақыларын төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу туралы.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Д.Д. Теберіков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді.

А.Н. Жексенбиев Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері мен шарттарын белгілеу жататының хабарлады.

Жарғының 12.9 бабына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос орындар болмағанда) тәуелсіз директорлар мен бас директорды (басқарманың төрағасын) қоса алғанда кемінде 8 (сегіз) адамды құрауы қажет.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс Жиналыста түспегендіктен, мынадай шешім дауыс беруге шығарылды:

Директорлар кеңесінің сандық құрамы 8 (сегіз) адам деп белгіленсін.

Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 56 038 830 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 56 038 830 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Директорлар кеңесінің сандық құрамы 8 (сегіз) адам деп белгіленсін.

Күн тәртібінің **екінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Теберіков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді.

А.Н. Жексенбиев Қоғамның АҚЖЖ шешіміне (2015 жылғы 13 сәуірдегі хаттама) сәйкес директорлар кеңесінің жұмыс істеп тұрған құрамы өкілеттігінің мерзімі бір жыл деп белгіленгендігін (қоса алғанда 2015 жылдың 13 сәуіріне дейін) хабарлады.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері мен шарттарын белгілеу жатады.

Корпоративтік басқарудың әлемдік үздік тәжірибеге сәйкес және директорлар кеңесінің орындалған жұмысы үшін жауаптылықты күшейту үшін директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі 2016 жылдың 13 сәуірінен 2017 жылдың 25 мамырына дейін белгілеу ұсынылады. Осылайша, директорлар кеңесінің өкілеттігінің мерзімі Қоғам акционерлерінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес есепті кезең үшін өз жұмысы туралы

акционерлердің алдында баяндайтын Жылдық жалпы жиналысын өткізу күнінде аяқталатын болады.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс Жиналыста түспегендіктен, мынадай шешім дауыс беруге шығарылды:

Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі 2016 жылдың 13 сәуірінен бастап 2017 жылдың 25 мамырына дейін қоса алғанда деп белгіленсін.

Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 56 038 830 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 56 038 830 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімі 2016 жылдың 13 сәуірінен бастап 2017 жылдың 25 мамырына дейін қоса алғанда деп белгіленсін.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Теберіков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді.

А.Н. Жексенбиев АКЖЖ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 23 ақпандағы шешіміне сәйкес өткізетінін хабарлады. АКЖЖ өткізу туралы құлақтандыру 2016 жылы 26 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды (Қоғам Жарғысының 10.16-тармағына сәйкес). «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің» (Қоғам акционерлерінің 2007 жылғы 30 қазандағы жалпы жиналысымен бекітілген) (бұдан әрі – Директорлар кеңесі туралы ереже) 3.8-тармағына сәйкес акционерлер күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлер құлақтандырылған күннен бастап 15 (он бес) күннің ішінде Директорлар кеңесіне кандидаттар ұсыну туралы ұсыныс енгізе алады.

Директорлар кеңесінің 2016 жылдың 23 ақпанындағы шешіміне (№ 3 хаттама) сәйкес Директорлар кеңесіне сайлау үшін мынадай кандидатуралар ұсынылды:

1. Кристофер Хопкинсон - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) өкілі – ҚМГ ҰК-ның Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
2. Құрманғазы Есқазиев – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның Бас директоры (Басқарма төрағасы);
3. Әсия Сырғабекова – ҚМГ ҰК-ның өкілі – Инвестициялар мен тәуекелдерді басқару жөніндегі басқарушы директоры;
4. Ержан Жанғауылов – ҚМГ ҰК-ның өкілі – Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры;
5. Игорь Гончаров – ҚМГ ҰК-ның өкілі – Операциялық өндіруші активтер жөніндегі басқарушы директоры – бас инженері;
6. Филипп Дэйер – тәуелсіз директор;
7. Эдвард Уолш – тәуелсіз директор;
8. Аластэр Фергюсон – тәуелсіз директор.

Жоғарыда көрсетілген кандидаттар туралы ақпарат қоса берілген. Ақпараттар акционерлерге мәлімет үшін Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес жолданды. Осылайша, Эдвард Уолш мырза 2006 жылдың тамызынан бастап Қоғамның тәуелсіз директоры болып табылады, Филипп Дейер – 2010 жылдың мамырынан бастап, Аластэр Фергюсон – 2013 жылдың қазанынан бастап. Оған қоса, Э.Уолштың директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тоғыз жыл бойы жұмыс істеп келе

жатқанын ескеріп, Қоғамның директорлар кеңесі Қоғамның Копрооративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес оның тағайындалуы мен тәуелсіздігін егжейлі-тегжейлі қарап-тексерді. Тағайындаулар туралы комитет, сондай-ақ Қоғамның директорлар кеңесі 2016 жылдың 23 ақпанында (№3 хаттама) тәуелсіз директор Э. Уолшты директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі деп тану және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесіне тәуелсіз директор ретінде сақйлауды ұсыну туралы шешім қабылдады.

Оған қоса, Қоғамның атына Қоғамның директорлар кеңесіне екі акционерден кандидаттар енгізу туралы ұсыныс келіп түсті:

1. «Lancrenan Investments Limited» («Ланкренан Инвестментс Лимитед») компаниясынан директорлар кеңесінің мүшесі – Қоғамның тәуелсіз директоры ретінде Германович Алексей Андреевич ұсынылды;
2. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері ретінде мына кандидатураларды ұсынылды:
 - 1) Хопкинсон Кристофер – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
 - 2) Гончаров Игорь Валерьевич – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
 - 3) Сырғабекова Әсия Нарыманқызы – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
 - 4) Густаве ван Меербеке – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
 - 5) Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – ҚМГ БӨ-нің Бас директоры (Басқарма төрағасы);
 - 6) Дэйер Филип – тәуелсіз директор;
 - 7) Уолш Эдвард – тәуелсіз директор;
 - 8) Фергюсон Аластэр – тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесі туралы ереженің 3.8 және 3.11-тармақтарына сәйкес, Қоғамның Корпоративтік хатшысының директорлар кеңесіне кандидаттар ұсыну туралы келіп түскен ұсыныстарды қарауының нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-дан ұсыныстар енгізу мерзімдерінің бұзылғаны туралы акционерлерге мәлімет үшін жеткізілді. Қалған бөлігінде «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ тарапынан материалдар белгіленген талаптарға сай ұсынылды.

Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің 3.3-тарауының 107-тармағына және 3.2-тарауының 100-тармағына, сондай-ақ Қоғам директорлар кеңесінің 2016 жылғы 16 наурыздағы №5 шешіміне сәйкес, Қоғам директорлар кеңесінің Тағайындаулар жөніндегі комитетінің ұсынымдарының есебімен акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайланатын кандидаттардың тізіміне мына адамдарды енгізу ұсынылады: Густаве ван Меербеке және Германович Алексей Андреевич. Оған қоса, Қоғамның директорлар кеңесінің 2016 жылғы 16 наурыздағы №5 шешімімен А.А. Германович оған берілген құжаттарға сәйкес "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының тәуелсіз директоры қызметіне кандидат ретінде тәуелсіз деп танылатыны белгіленді.

ҚМГ ҰК-дан кандидаттар туралы мұндай ақпарат, сондай-ақ «Lancrenan Investments Limited» компаниясының атынан Жиналыстың материалдарына қоса берілген.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 54 бабының 3-тармағына сәйкес директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат сайлауға түскен жағдайды есептегенде, акционерлердің дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қолданып кумулятивтік дауыс беруімен іске асырылады.

Қоғам Директорлар кеңесінің және Қоғам акционерлерінің ұсынымдарына сәйкес: ҚМГ ҰК мен Ланкренан Инвестментс Лимитед Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін 10 кандидатура ұсынылды. Нәтижесінде 8 орынға 10 кандидаттан тұратын тізім жасалды.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 54 бабының 3-тармағына сәйкес кандидаттарды сайлау бюллетеньдерді қолданып кумулятивтік дауыс беруімен іске асырылады

- 1) Хопкинсон Кристофер – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
- 2) Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – ҚМГ БӨ-нің Бас директоры (Басқарма төрағасы);
- 3) Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
- 4) Гончаров Игорь Валерьевич – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
- 5) Сырғабекова Әсия Нарыманқызы – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
- 6) Дэйер Филип – тәуелсіз директор;
- 7) Уолш Эдвард – тәуелсіз директор;
- 8) Фергюсон Аластэр – тәуелсіз директор;
- 9) Густаве ван Меербеке – ҚМГ ҰК-ның өкілі;
- 10) Германович Алексей – тәуелсіз директор.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе кумулятивтік дауыс беруге енгізілді. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 448 246 207 дауыс.

Дауыс берілді:

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат	Берілген дауыстардың саны
Хопкинсон Кристофер	68 492 688 дауыс
Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы	68 424 003 дауыс
Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы	518 284 дауыс
Гончаров Игорь Валерьевич	68 271 497 дауыс
Сырғабекова Әсия Нарыманқызы	68 071 156 дауыс
Дэйер Филип	27 878 879 дауыс
Уолш Эдвард	27 526 432 дауыс
Фергюсон Аластэр	27 878 879 дауыс
Густаве ван Меербеке	68 271 497 дауыс
Германович Алексей Андреевич	22 912 892 дауыс

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Қоғам Директорлар кеңесінің мынадай құрамы сайлансын:

- 1) Хопкинсон Кристофер – ҚМГ ҰК өкілі;
- 2) Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – ҚМГ БӨ-нің Бас директоры (Басқарма төрағасы);
- 3) Гончаров Игорь Валерьевич - ҚМГ ҰК өкілі;
- 4) Сырғабекова Әсия Нарыманқызы - ҚМГ ҰК өкілі;
- 5) Густаве ван Меербеке - ҚМГ ҰК өкілі;
- 6) Дэйер Филип – тәуелсіз директор;

- 7) Уолш Эдвард - тәуелсіз директор;
8) Фергюсон Аластэр - тәуелсіз директор.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Тебериков Қоғамның корпоративтік хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді.

А.Н. Жексенбиев Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8) тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бақыту, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері мен шарттарын белгілеу жататының хабарлады.

Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлерге директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақылардың 2015 жылы белгіленген мөлшері мен шарттарын өзгеріссіз қалдыру ұсынылды.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс Жиналыста түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны - 56 038 830 дауыс.

Дауыс берді:

- | | |
|------------|---------------------|
| - «Қолдап» | - 56 038 830 дауыс; |
| - «Қарсы» | - дауыс жоқ; |
| - «Қалыс» | - дауыс жоқ. |

Жиналыстың шешімі қабылданды:

1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға олар Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап сыйақы төлеудің мынадай мөлшерлері мен шарттары белгіленсін:

1) Жылдық сыйақы – жылына 150 мың АҚШ доллары;

2) Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысу (бір мәжіліс үшін):

Тікелей қатысу – 10 мың АҚШ доллары;

Телефон немесе бейнебайланыс арқылы қатысу – 5 мың АҚШ доллары.

3) Директорлар кеңесінің комитетінде төрағалық ету (жылына):

Аудит жөніндегі комитет – 25 мың АҚШ доллары

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары

Сыйақылар жөніндегі комитет – 15 АҚШ доллары.

4) Тәуелсіз директорлардың мәжілісі – бір мәжіліс үшін 2,5 мың АҚШ доллары.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жоғарыда айтылған талаптарда Қоғамның тәуелсіз директорларымен жасалатын шарттарға Қоғамның атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылданғаннан кейін Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Д. Тебериков акционерлерді жиналысқа қатысқаны үшін алғысын білдірді және жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның жиналысы 12 сағат 00 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы
жиналысының төрағасы

Д. Тебериков

Акционерлердің жалпы
жиналысының хатшысы

А. Жексенбиев

Санақ комиссиясының
мүшелері:

Е. Райымбеков

Г. Аяғанова

А. Әлиақпарова

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

Д. Теберіков

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

А. Аманжолов